

МӘРТӨК АУДАНЫНЫҢ БЛІМ БӨЛІМІ» ММ



Мәртөк аудандық білім бөлімі

«18» 08 2020ж.
N 245 м 1

ВАРИАТИВТІК КОМПОНЕНТ

«ШЕБЕР ҚОЛДАР»

(жүзеге асыру мерзімі 2020-2022ж.)

Ересек тобы (4- жастан бастап)

Әзірлеуші: А.Битурина

Достық ауылы, 2020 жыл

Бағдарламаны әзірлеген: А.Битурина

«Достық» балабақшасы педагогикалық көнсітірысында «Шебер колдар» бағдарламасы талқыланды.

Хаттама № 2

«31 » 08 2020 жыл

Менгерушісі

А.Битурина



Аудандық сараптау комиссиясының отырысында «Шебер колдар» атты вариативтік компонент/бағдарламасы макұлданды.

Хаттама № 3

«02 » 09 2020ж.

Сараптама төрайымы:

С.Балмагамбетова



(аты-жөні)

(қолы)

**«Достық» бала бақша тәрбиешісі Битурина Алияның мектеп
жасына дейінгі балаларға арналған «Шебер қолдар»атты
вариативтік бағдарламасына**

П і к і р

Мұсіндеу өнеріндегі баланың өзі қолымен жасаған мұсіндер оның өзі сиякты дербестігімен ,ашықтығымен ерекшеленеді.3-4 жастагы балалар бұрынғы іскерліктерін жетілдіре отырып ,әртүрлі пішіндегі заттарды жасайды.

Жыл сайын бала дамуында ,өз катарластарының қатарынан қалып бара жатқан бала саны көбейіп келеді.Адамның колы –ол бір қурал іспеттес ,ол баланың дамуына әсерін тигізеді.

Тәжірибеге сүйенсек ,бала мектеп табалдырығынан аттағанда (6-7) жас 70-80 пайызы саусақ моторикалырының жеткілікті дамымағанын көреміз.

Саусақтарының әлсіздігі ,нашар дамығаны ,жазуларының нашарлығына ,ұзак уақыт жаза алмауларына әкеліп согады.

Саусақ моторикалырының нашар дамуы көбінесе аурушаң,кіші кезінен бала бақшага бармаған балаларда көп кездеседі. Бағдарламаның тиімділігін ескере отырып ,мектепке дейінгі балаларға білімберу мекемелерінде «Шебер қолдар» атты бағдарламаны қолдану ұсынылады.

Білім беру бөлімі «Мұсіндеу» бойынша осы қурал балалардың жан-жақты дамуын ұйымдастыруды туындайтын көптеген сұрақтарын шешуде көмекші болады деп сенім артамыз.

Мәртөк аудандық білім

бөлімінің әдіске 

М.А.Шауменова

Түсінік хат

Мектепке дейінгі жастағы балалардың жас ерекшеліктерін, жеке қабілеттерін, менгеру деңгейлерін ескере отрып құрылған «Шебер колдар» вариативтік бағдарламасы аптасына 1 сағат, жыл бойына 36 сағатты қамтиды.

Мақсаты:

- Мұсіндеудің бала тәрбиесінде алатын маңызы өте зор.
- Мұсіндеу арқылы баланың саусақ матрикалары дамиды, ой-қиялды артады, эстетикалық талғамдары қалыптасады.

Міндеттері:

Мұсіндеуде техникалық дағдылар мен іскерліктерін қалыптастыру. Шығармашылық іс-әрекет процесіне, көркем шығармалары мен қазақ халқының және өзге де халықтардың шығармашылығына эмоционалдық қарым-қатынастарын білдіруге тәрбиелеу.

Мұсіндеу оку қызметінде ойын түрінде өткізіледі. Негізгі жұмысқа кіріспес бұрын затты қарау, тұтас және дербес боліктерін бейнелеп көрсету.

Күтілетін нәтижелер:

Сазбалшықтың қасиеттерімен таныстыруды жалғастыру: сазбалшық жұмсак, бөліп алуға, илеп мұсіндер жасауға болады.

Сазбалшық, қамыр, ермексаз кесектерінен үзу, жұлу, жаншу, созу тәсілдерін колдана отырып мұсіндеуге үйрету,

Кесекті алакан арасында және жазықтықта тұзу және домалақтау арқылы илеу іскерліктерін жетілдіру.

Бөліктері бірнеше заттарды мұсіндеу, дұрыс орналастыру, катынастарын сактау, бір-бірімен біріктіру тәсілдерін көрсету.

Мұсіндеуді сазбалшықпен, ермексазбен, тұзды қамырмен пайдалануға болады. Соның ішіндегі тұзды қамырды пайдаланудың ерекшелігі басым түседі.

Тұзды қамырдың артықшылығы:

1. Көп шығын шығармай, өзіңізге керек уакытта дайындал алуга болады.
2. Тез жуылады, дақ қалдымайды.
3. Ауызға түскенде қауіпсіз.
4. Мұсіндегендегі қолға жабыспайды.
5. Кептіруге болады.
6. Боялған қамырмен жұмыс істеуге болады, дайын мұсінгеге сурет салуға колайлы
7. Тұзды қамырдан жасалған ойыншықтармен қорықтай ойнауга болады
8. Лакпен қатырса, ұзақ мерзімге сакталады.

Тұзды қамырдан мұсіндеу жасау балабақша тәрбиеленушілеріне өте колайлы.

**Вариативтік компонентінің ұйымдастырылған оку кызметтінін
күнтізбелік- тақырыптық жоспары.**

Білім беру саласы: «Шығармашылық»

Бөлім: Мұсіндеу «Шебер қолдар» (Тұзды қамырдан мұсіндеу)

№	Тақырыбы	Мақсаты	Сағат саны
1	«Күз сыйлығы»	Балаларды күз мезгілінің ерекшеліктерімен таныстыру. Балалардың талабын арттыра отырып, көкеністер мен жемістерді ажыратып білуте білімдерін дамыту. Тұзды қамырмен мұсіндеу әдістерін пысықтау қол кимылын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелу. Тұзды қамырды еркін қолдану арқылы көкеніс-жемістердің мұсінің жасауды үйрету.	1
2	«Добым, добым деңгелек»	Балаларға тобымыздагы ойнауга арналған доптар туралы түсінік беру. Әр түрлі пішінді доптарды, тұзды қамыр арқылы мұсіндеуге үйрету. Ұсақ қол кимыл - қозғалыстарын, тілдік қорларын, ойлау дағдыларын дамыту. Достастыққа, бірлесіп жұмыс істей білуге тәрбиелу.	1
3	«Жүзік»	Балаларға зергерлік өнер туралы түсінік беру. Сөздік қорларын бейнелі дұрыс жеткізе білу іскерліктерін, шығармашылық киялдарын дамыту. Қазақтың салт-дәстүрлерін және үлкенді құрметтеуге тәрбиелу.	1
4	«Алтын балық»	Балаларға балық туралы жан-жакты түсінік беру, тіршілік ортасымен таныстыру, алакан арасына салып домалақтау, жаншу, жалпактау, есу тәсілдерін жалғастыру. Мұсіндеуде саусақ кимыл-қозғалыстарының ептілігін қалыптастыру, бірнеше бөліктен тұратын заттарды бір-біrine біріктіруді дамыту. Саусақ ептілігімен пішінді бұзбай, таза, ұқыпты орындауга тәрбиелу.	1
5	«Үйрек»	Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Киялдарын дамыту. Үйректі мұсіндей алуға үйрету. Саусақ маторикаларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелу.	1
6	«Торғай»	Тұзды қамырмен дұрыс жұмыс жасай білуге үйрету. Есу, үзу арқылы торғайды мұсіндей алуға үйрету. Саусақ маторикаларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелу.	1
7	Үй жануары, «Қозы»	Үй жануарлары жайлы білімдерін кенейту. Саусақ маторикаларын дамыту. Ұқыптылыққа тәрбиелу.	1
8	«Ұзын құлак қоян»	Коршаган орта туралы түсініктерін кенейтіп қояның ерекшеліктеріне токталу; тұзда қамырмен жұмыр денені мұсіндеу машығын дамыту. Жануарларға деген камкорлыққа шеберлікпен жұмыс жасауға тәрбиелу.	1

9	«Құламайтын қуыршақ»	Шар пішіндерінің әртүрлі домалактар жасауды үйрету, ойыншықтар туралы жалпы түсінік беріп құламайтын қуыршакпен таныстыру, тазалыққа тәрбиелу.	1
10	«Кояндарға арналған сәбіз»	Коршаған ортамен таныстыруды жалғастыру, коянның тіршілігі туралы балаларға түсінік беру.	1
11	«Мандариндер мен апельсиндер»	Апельсин мен мандариннің айырмашылығын ажыратса білуге үйрету, үлкен және кішкентай домалақ заттарды жасауды дамыту; эстетикалық талғамды сақтап, жұмысты ұқыпты жасауга тәрбиелу	1
12	«Ұлу»	Ұлу жайларын жалпы түсінік беру; ермексазды ширатып созуды үйрету; жәндіктеге деген қамкорлық сезімдерін ояту; ұқыптылыққа, дербес әс – әрекет жасауга тәрбиелу.	1
13	«Куыршактар»	Балаларды ойыншықтар әлемімен таныстыруды жалғастыру, жұмбақ жасыра отырып, куыршактың ерекшелігіне көніл бөліп, құрастыру жолдарын үйрету; домалақ пішіннен әртүрлі колемде сопақша және «шүжікша» пішіндерді жасауды дамыту; шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелу, эстетикалық талғамдарын қалыптастыру.	1
14	«Мен, менің достарым жануарларым»	Жануарлардың қысқы тіршілігі (азық дайындауы, қыс бойы үйқыда болуы) туралы әнгімелу. Тұған өлкенің жануарларын корғау. Сөздік қорларын молайту. Саусақ маторикаларын дамыту. Жануарларды камкорлыққа алу сезімдерін тәрбиелу.	1
15	«Доп»	Доп туралы жалпы түсініктерін көнектізу, ермексаздан жұмысыр пішінді ойыншық доп жасауга үйрету; қол кимылдарының үйлесімділігін, домалақ пішіндерді жасауды дамытып, ойыншықтарды күтіп ұстауга тәрбиелу.	1
16	«Шыршага арналған ойыншықтар»	Жана жыл, шырша, шырша ойыншықтары туралы жалпы түсінік беру; әртүрлі пішіндерді мүсіндеу және бір ұшын үшкірлең мүсіндеу іскерліктерін шындау, тактикалар, олендер айтқызып тілін, сөздік қорларын дамыту; шығармашылық қабілеттерін дамытуға тәрбиелу.	1
17	«Аққала»	Балаларға кар және оның касиеттері туралы түсінік беру; домалактарды біріктіру арқылы бейне құрастыра білуді дамыту; қысқы табигат әсемдігі арқылы табигатты сүйес білуге тәрбиелу.	1
18	«Мойынорагыш және баскім»	Қыстық киімдері туралы түсініктерін көнектізу; қуыршакка арналған мойынорагыш пен баскімді әртүрлі пішіндерден жасауды үйрету; ұқыптылыққа, денсаулықты күте білуге тәрбиелу.	1
19	«Мысықтың ыдасы»	Мысық туралы түсініктерін көнектізу, ол туралы балалардың өздеріне әнгімелету; ермексазды домалактап, ортасын қуыстау машығын дамыту, сондай – ак шыдамдылыққа, төзімділікке, үй жануарларына камкорлықпен қарауга тәрбиелу.	1
20	«Ұшақ»	Бөлшектерді құрастыру арқылы ұшақты мүсіндеуді үйрету; киялдау сезімдерін дамыту, ұқыптылыққа, дербес әс – әрекет жасауга тәрбиелу.	

21	«Күйршакка арналған моншактар»	Әшекей бұйымдар жайлы білім беру. Саусақ моторикаларын дамыту, тізбектей алуға үйрету.	1
22	«Анама арналған гүл»	Балалардың сөздік корын дамыту. Улкендерді сыйласп күрметтеуге тәрбиелеу.	1
23	«Гүлді алма агашы»	Көктем мезгілі жайлы білім беру. Көктемде кар еріп, алма агаштары гүлдейтінін айту.	1
24	«Түймедақ»	Гүлдер туралы түсінік беру. Ұқыптылықка тәрбиелеу.	1
25	«Адам бейнесі»	Тұыс, тұыскан ұғымы жайлы түсінік беру. Адам бейнесін бейнелей алуға үйрету, саусақ моторикаларын дамыту.	1
26	«Улken және кіші санырауқұлактар»	Тұзды қамырмен дұрыс жұыс жасай білуге үйрету. Көкеністер жайлы білімдерін кенейту. Ұқыптылықка тәрбиелеу.	1
27	«Машина»	Көліктер жайлы білімдерін кенейту. Саусақ моторикаларын дамыту.	1
28	«Менің үйім»	Өз үйлері туралы айту, ермексаздан үй жасау. Саусақ моторикаларын дамыту.	1
29	«Терезесі бар көнілді ашық хаттар құрастыру»	Балаларды ашық хат түрлерінің ерекшеліктерімен сонымен катар әшекейлеу түрлерін үйренеміз.	2
30	«Тасбака»	Тасбака туралы түсінік беру. Саусақ моторикаларын дамыту.	1
31	«Әшекей бұйымдар»	Балаларға әшекей бұйымдар туралы айтып, ермексаздан жасап көрсету. Саусақ моторикаларын дамыту. Ұқыптылықка тәрбиелеу.	1
32	«Қасынтар жасау»	Ермексаздан қасык жасап үйрету, кол кимылтының үйлесімділігін, сопакша пішіндерді жасауды дамыту.	1
33	«Ермексазben колік жасау»	Ермексазды ұсақ белшектерге беліп, домалақташ құрастыру. Саусақ моторикаларын дамыту. Ұқыптылықка тәрбиелеу.	1
34	«Кеме»	Кеме туралы түсінік беру, ұқыптылықка жеке дербес іс-әрекет жасауға тәрбиелеу.	2
			36 сағат